

**«Атырау облыстық паталогоанатомиялық бюросы» КМҚК ұжымының
жалпы жиналысының**

Хаттамасы

Атырау қаласы.

22. 09.2022 жыл.

Күн тәртібі: «Атырау облыстық паталогоанатомиялық бюросы» КМҚК-да сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау, және алдын алу туралы.

Қатысқандар: Орталық қызметкерлері -14 адам

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша, комплаенс Мурсалимова Б.И.- Әріптестерді қоғамның дерті болып отырған сыбайлас жемқорлық белгілерімен бірігіп күресуді сұраймын. Ұжым қызметкерлерін өз қызметтік міндеттерін орындауда сыбайлас жемқорлық фактілерінің алдын алу шараларын бірігіп атқаруға.өз міндеттеріңізге адал болуға шақырамын. Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмыстарға негізінен лауазымды қылмыстар жатады. Сонымен қатар сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор. Халық өздерінің құқықтарын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білулері қажет. -деп, қолданыстағы заңнамаға түсінік беріп өтті.Сонымен қатар осы ағымдағы жылдың 8 айы көлемінде жүргізілген жұмыстар турасында ақпарат берілді.

Жалпы жиналыс Қаулы етті:

1. «Облыстық паталогоанатомиялық бюросы» КМҚК-да сыбайлас жемқорлыққа төзімсіздік ахуалын қалыптастыру, медицина қызметкерлерінің Ар-намыс (этикалық) кодексі талаптарын қатаң сақталуын қамтамасыз ету.

Хаттама жасақтаған



Мурсалимова Б.И.